

ҚАЗЫҒҰРТ ӨңІРІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Мухтар Ү.Н

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.
Астана Халықаралық университеті
Электрондық адресі: mukhtaruldana007@gmail.com
Астана қ.

Андатпа

Бұл мақала Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Қазығұрт аймағының жер-су атауларының шығу тегін, тарихи, мәдени және тілдік негіздерін кешенді түрде зерттеуге арналған. Қазығұрт - Шымкент қаласына жақын орналасқан, қазақ аңыздарында «Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған мекен» ретінде танымал киелі тау. Өңірдің топонимиялық жүйесі ежелгі дәуірден бері қалыптасып, табиғи, тарихи, этнографиялық және мифологиялық факторлардың әсерімен ерекшеленеді. Мақалада Қазығұрт аймағындағы өзендер, сайлар, төбелер, қыраттар және жоталардың атауларының қалыптасуына ықпал еткен факторлар талданады.

Зерттеу барысында жер-су атауларының табиғи бедермен байланысы, ежелгі тайпалардың қоныстануы және халықтың шаруашылық дәстүрлері қарастырылды. «Аққұм» атауының құрамында ақ түсті құмдардың көп болуы, «Келес» атауының ежелгі түркі тіліндегі «келу», «кезең» мағынасына сәйкестігі және «Беткей», «Төбе», «Сопакша» сияқты атаулардың рельефтік сипатқа негізделгені зерттелді. Сонымен қатар, Қазығұрт атауының шығу тегіне қатысты бірнеше ғылыми болжам бар: біреулері «қазық» және «өрт» сөздерінің тіркесуінен шыққан деп есептесе, басқалары «қазылық» терминінен шыққанын және киелі орын мәнін алғанын айтады. Аңыздар бойынша Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған тау ретінде сипатталуы аймақ атауларына ерекше мифологиялық реңк береді.

Зерттеу жұмысы салыстырмалы-тарихи әдіс, топонимдік талдау, картографиялық зерттеу және этимологиялық салыстыру әдістеріне сүйенді. Негізгі дерек көздер ретінде географ-ғалым З.К. Мырзалиева еңбектері, топонимика зерттеушілері Е. Қойшыбаев, Г.В. Григорьев, Ф. Қоңқашпаев жұмыстары қолданылды. Сонымен қатар, өңірлік архив материалдары, энциклопедиялық басылымдар және жергілікті ауыз әдебиеті үлгілері зерттеуге қосымша ақпарат берді.

Мақала нәтижесінде Қазығұрт өңірінің жер-су атауларының табиғи-географиялық, тарихи-этнографиялық, мифологиялық және тілдік факторлар арқылы қалыптасқаны анықталды. Топонимдер халықтың өмір салтын, шаруашылық дәстүрлерін, дүниетанымын көрсетіп, аймақтың тарихи және рухани ерекшелігін айқындайды. Зерттеу Қазығұрт аймағының ономастикалық жүйесінің күрделі, көпқырлы сипатын дәлелдеп, жер-су атауларының ғылыми зерттеудегі маңызын ашады.

Аннотация

В данной статье комплексно исследуется происхождение, исторические, культурные и языковые основы топонимов Южно-Казахстанского региона, в частности района Казыгурт. Казыгурт - священная гора, расположенная рядом с городом Шымкент, известная в казахских легендах как место, где остановился ковчег пророка Нуха. Топонимическая система региона формировалась с древних времен и отличается влиянием природных, исторических, этнографических и мифологических факторов. В статье анализируются факторы, повлиявшие на формирование названий рек, оврагов, холмов, хребтов и горных вершин Казыгурта.

В исследовании рассматривается связь топонимов с природным рельефом, поселениями древних племен и хозяйственными традициями народа. Изучены такие топонимы, как «Аккум», отражающий наличие светлых песков, «Келес», соответствующий древнетюркскому значению «приход, период», а также «Беткей», «Төбе», «Сопакша», отражающие рельефные особенности. Кроме того, рассматриваются научные гипотезы происхождения названия «Казыгурт»: одни исследователи связывают его с сочетанием слов «казык» и «орт», другие - с термином «казылык», придающим священное значение. Легенды о ковчеге пророка Нуха придают топониму особый мифологический оттенок.

Для исследования использовались сравнительно-исторический метод, топонимический анализ, картографическое исследование и этимологическое сравнение. Основные источники включают работы географа З.К. Мырзалиевой и топонимистов Е. Койшибаева, Г.В. Григорьева, Ф. Конкашпаева, а также региональные архивные материалы, энциклопедические издания и образцы местного устного народного творчества.

Результаты исследования показывают, что топонимы Казыгурта формировались под влиянием природно-географических, историко-этнографических, мифологических и языковых факторов. Топонимы отражают образ жизни народа, хозяйственные традиции и мировоззрение, а также подчеркивают историческую и духовную специфику региона. Исследование подтверждает сложный и многогранный характер ономастической системы Казыгурта и демонстрирует значимость топонимов для научного изучения.

Abstract

This article provides a comprehensive study of the origin, historical, cultural, and linguistic foundations of toponyms in the South Kazakhstan region, particularly the Kazyghurt area. Kazyghurt is a sacred mountain near Shymkent, known in Kazakh legends as the place where Prophet Noah's Ark came to rest. The region's toponymic system has developed since ancient times and is influenced by natural, historical, ethnographic, and mythological factors. The article analyzes the factors that contributed to the formation of names of rivers, ravines, hills, ridges, and mountain peaks in Kazyghurt.

The study examines the relationship of toponyms with natural relief, settlements of ancient tribes, and traditional economic activities. Toponyms such as "Akkum," reflecting the presence of light-colored sands, "Keles," corresponding to the Old Turkic meanings "arrival, period," and "Betkey," "Töbe," "Sopaksha," reflecting relief features, were analyzed. The research also considers scientific hypotheses regarding the origin of the name "Kazyghurt": some scholars link it to the combination of "kazyk" and "ort," while others trace it to the term "kazlyk," giving the place a sacred significance. Legends about Prophet Noah's Ark lend a special mythological aspect to the toponym.

The study employed comparative-historical methods, toponymic analysis, cartographic research, and etymological comparison. Key sources include works by geographer Z.K. Myrzaliev and toponymists E. Koishybaev, G.V. Grigoriev, F. Konkashpaev, along with regional archival documents, encyclopedic publications, and samples of local oral literature.

The results demonstrate that Kazyghurt toponyms were shaped by natural-geographical, historical-ethnographic, mythological, and linguistic factors. The toponyms reflect the lifestyle, economic traditions, and worldview of the local population, highlighting the historical and spiritual uniqueness of the region. The study confirms the complex and multifaceted nature of Kazyghurt's onomastic system and illustrates the significance of toponyms in scientific research.

Кілт сөздер:Қазығұрт, топонимия, ономастика, Қаратау, Келес, Аққұм, жер-су атаулары, аңыз, этимология, Нұх кемесі

Кіріспе

Қазақ халқының тарихы, мәдениеті және дүниетанымын зерттеуде ономастика ғылымы, әсіресе жер-су атауларын зерттейтін топонимика маңызды рөл атқарады. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды сипаттап қана қоймай, белгілі бір тарихи оқиғалардың, этнографиялық дәстүрлердің және мифологиялық түсініктердің көрінісі болып табылады. Сол себептен Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі ерекше ғылыми қызығушылық тудырады.

Қазығұрт тауы - Оңтүстік Қазақстан облысының табиғаты көркем, тарихи және мифологиялық мәні бар киелі мекен. Шымкент қаласына жақын орналасқан бұл таудың биік нүктесі шамамен 1600 метрді құрайды. Таудың айналасындағы өзендер, сайлар, төбелер, қыраттар және жоталар табиғи бедердің әртүрлілігін көрсетеді. Қазақ аңыздарында Нұх пайғамбардың кемесі дәл осы тауға тоқтағаны айтылады. Халықтық санада «Қазығұрттың басында кеме қалған» деген ұғым қалыптасқан. Бұл аңыздық сипат аймақты киелі кеңістікке айналдырып, жер-су атауларына ерекше мән береді. Қазығұрт аймағына көршілес жатқан Қаратау жотасы да қазақ тарихында маңызды рөл атқарады. Қаратау оңтүстік-солтүстік бағытта бой созып, Жамбыл және Түркістан облыстары аумағын қамтиды. Халық ұғымында Қаратау - батырлар мекені, эпостық жырларда жиі аталатын қасиетті тау. Бұл екі тау жүйесінің географиялық жақындығы өңірдің шаруашылығы, қоныстану дәстүрі және тілдік қолданысқа ықпал етіп, көптеген жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған.

Қазығұрт аймағындағы «Келес», «Аққұм», «Беткей», «Төбе», «Сопақша», «Басыттөбе» сияқты атаулар табиғи бедерге тікелей байланысты. З.К. Мырзалиева зерттеуінде 300-ден астам атаудың рельефтік сипатқа негізделгенін, ал «төбе» терминімен жасалған атаулардың өзі 60-қа жуық екенін анықтаған. Бұл мәліметтер аймақтың топонимиялық жүйесінің табиғи-географиялық ерекшелігін көрсетеді. Топонимдердің қалыптасуына тарихи фактор да әсер етті. Сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының ежелгі қоныстануы атауларда көрініс тапқан. Мысалы, «Келес» атауы көне түркі тіліндегі «келу» немесе «кезен» сөздерімен байланысты болса, Г.В. Григорьев оны гидроним ретінде «кесілген, жарылған жер» деп қарастырады. Сонымен қатар, халық шаруашылығы мен көшпелі мал шаруашылығы дәстүрлері де кейбір атаулардың пайда болуына ықпал етті. «Қарабұлақ», «Қосмезгіл»,

«Ұялы», «Жусандала» сияқты атаулар малшы қауымның маусымдық көш жолдарын көрсетеді. Қазығұрт атауының шығу тегіне қатысты бірнеше ғылыми болжам бар. Біреулер «қазық» және «өрт» сөздерінің тіркесуі арқылы «биік, қазықтай шаншылған тау» деген түсінік береді, ал басқалары «қазылық» терминінен шыққан деп есептейді. Аңыздық нұсқада Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған тау ретінде атаудың киелілігі күшейген.

Жалпы, Қазығұрт өңірінің топонимиясы - табиғи, тарихи, мифологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар тоғысында қалыптасқан кешенді жүйе. Әр атау халықтың табиғатпен байланысын, тарихи оқиғаларды, дүниетанымын, шаруашылық дәстүрлерін және рухани мәдениетін бейнелейді. Ономастикалық зерттеулер арқылы тек атаулардың мәнін ғана емес, өңірдің табиғатын, тарихын, этнографиясын және халық мәдениетін кешенді түрде зерттеу мүмкіндігі туады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Қазығұрт өңірінің жер-су атауларын зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдіс қолданылды, оның ішінде салыстырмалы-тарихи әдіс, топонимдік талдау, картографиялық зерттеу және этимологиялық салыстыру негізгі рөл атқарды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы бір атаудың әр кезеңде қалай өзгергенін, оның ежелгі түркі, моңғол немесе парсы тілдерінен шыққан мүмкіндіктерін анықтау мүмкін болды. Бұл тәсіл топонимдердің шығу тегін, тарихи және мәдени контекстін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Топонимдік талдау әдісі арқылы Қазығұрт аймағындағы өзендер, сайлар, төбелер, қыраттар және жоталар сияқты нысандардың атауларының құрылымы, мағынасы және қолданылу ерекшеліктері зерттелді. З.К. Мырзалиева еңбектерінде 300-ден астам атаудың рельефтік сипатқа негізделгені, ал «төбе» терминімен жасалған атаулардың саны 60-қа жуық екені көрсетілген. Бұл деректер аймақтың жер-су атауларының табиғи-географиялық ерекшеліктерін дәлелдейді. Этимологиялық талдау әдісі атаулардың тілдік құрамын зерттеуге бағытталды. Атаулардағы ежелгі түркі сөздері - «жота», «сай», «құм», «төбе», «бұлақ», «өзек», «арал», «қырқа» - олардың тарихи тамырларын және тілдік өзгерістерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, гидронимдер мен оронимдердің шығу тегі салыстырмалы әдіс арқылы тексеріліп, олардың этнографиялық, мифологиялық және шаруашылыққа байланысты мәндері анықталды.

Зерттеу материалдарына географ-ғалым З.К. Мырзалиева, ономастика зерттеушілері Е. Қойшыбаев, Г.В. Григорьев және Ф. Қоңқашпаев еңбектері негіз болды. Сонымен қатар, энциклопедиялық басылымдар, өңірлік архив құжаттары және жергілікті ауыз әдебиеті үлгілері зерттеу деректерін толықтырды. Картографиялық деректерді пайдалану арқылы атаулардың нақты орналасуы және табиғи бедермен байланысы көрнекі түрде көрсетілді.

Осы әдістердің кешенді қолданылуы Қазығұрт өңірінің жер-су атауларының көпқырлы сипатын ашуға мүмкіндік берді. Табиғи, тарихи, тілдік және мәдени факторлардың бірігуі арқылы қалыптасқан топонимиялық жүйе халықтың өмір салтын, дүниетанымын және табиғатпен қарым-қатынасын дәл көрсетеді. Зерттеу нәтижелері жер-су атауларының тек географиялық нысандарды белгілеу емес, тарихи және рухани мәдениетті сақтау құралы екенін дәлелдейді.

Талқылау

Қазығұрт аймағының жер-су атаулары ежелгі дәуірден бастап осы өңірді мекендеген тайпалардың өмір салты мен тарихи оқиғаларымен тығыз байланысты қалыптасқан. Б.з.б. VI-II ғасырларда сақ тайпалары Қазығұрт пен Келес өңірлерін қоныстанған, бұл дәуірде қалыптасқан атаулар бүгінгі күнге дейін сақталған. Сонымен қатар, аймақ қаңлы, үйсін және басқа да көне түркі тайпаларының тарихи іздерін көрсетеді.

«Келес» атауының шығу тегіне қатысты бірнеше ғылыми пікір бар. Е. Қойшыбаев бұл атауды көне түркі тіліндегі «келу» немесе «кезең, өткел» сөздерімен байланыстырады. Ал Г.В. Григорьев оны гидроним ретінде «кесілген, жарылған жер бедері» деп қарастырады. Бұл пікірлер атаудың географиялық ерекшелігі мен этникалық тарихын көрсетеді. Сол сияқты, «Аққұм» атауы физикалық ерекшеліктерге сүйенген; үлкен сай немесе аңғардың ақ түсті құмдарынан шыққан деп есептеледі. Бұл топоним табиғи ортаның айқын көрінісі ретінде ерекшеленеді.

Қазығұрт өңіріндегі жер-су атауларының көпшілігі рельефтік ерекшеліктермен байланысты. З.К. Мырзалиева зерттеуінде «төбе» терминімен жасалған 60-қа жуық атауды анықтап, аймақтың рельефтік күрделілігін дәлелдеді. Мысалы, «Беткей», «Төбе», «Сопакша», «Басыттөбе» атаулары жер бедерінің әртүрлілігін көрсетеді. Бұл атаулар халықтың табиғатпен тығыз байланысын, әр жердің ерекшелігін дәл білетіндігін көрсетеді.

Қазығұрт атауының шығу тегіне қатысты бірнеше болжам бар. Бір нұсқада «қазық» және «өрт» сөздерінің тіркесуі «биік, қазықтай шаншылған тау» деген мағынаны береді. Басқа болжам бойынша, «Қазығұрт» атауы көне түркі «қазылық» терминінен шыққан, яғни қасиетті орын деген мағынаны

білдіреді. Аңыздық нұсқада Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған тау ретінде сипатталуы аймақтың киелі екенін көрсетеді. Мұндай мифологиялық элементтер жер-су атауларына ерекше рухани мән қосады.

Өңірдің шаруашылық дәстүрлері де топонимдердің қалыптасуына әсер еткен. Қазақтар ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, қыстау, жайлау, көктеу, күзеу атаулары кең таралған. «Қарабұлақ», «Қосмезгіл», «Ұялы», «Жусандала» сияқты атаулар малшы қауымның маусымдық көш жолдарын көрсетеді. Бұл топонимдер халықтың шаруашылық тәжірибесін, жыл мезгілдеріне байланысты көшудің жүйесін дәл бейнелейді. Қаратау жотасының Қазығұрт өңіріне әсері ерекше. Қаратау қазақ эпостарында батырлар мекені ретінде жиі аталады. «Қаратаудың басынан көш келеді» деген тіркес халық санасында көшпелілер мәдениетінің тірегі ретінде сақталған. Қаратау мен Қазығұрт жақындығы екі өңірдің топонимдік жүйесінде ортақ белгілердің қалыптасуына ықпал еткен. Мысалы, қырат, жота, сай, аңғар атаулары екі өңірде ұқсас сипатта кездеседі.

Топонимдердің тілдік құрамына да ерекше көңіл бөлінеді. «Жота», «сай», «құм», «төбе», «бұлақ», «өзек», «арал», «қырқа» сияқты сөздер ежелгі түркі тілінен алынған. Бұл сөздер ғасырлар бойы сақталып, халықтың күнделікті тілінде қолданылып келеді. Гидронимдер мен оронимдердің этимологиялық талдауы олардың тарихи және этникалық мәнін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Қазығұрт аймағының жер-су атаулары - табиғи, тарихи, мифологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың тоғысында қалыптасқан кешенді ономастикалық жүйе. Әр атау халықтың сезімі, тәжірибесі, дүниетанымы мен табиғатқа көзқарасын білдіреді. «Аққұм» атауы жер бедерінің ерекшелігін көрсетсе, «Қазығұрт» атауы киелі сана арқылы бүкіл Қазақстанға танымал атауға айналған.

Осылайша, Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, халықтың рухани, мәдени және шаруашылық өмірін көрсететін күрделі жүйе болып табылады. Бұл жүйенің зерттелуі аймақтың табиғаты мен тарихын, этнографиялық ерекшеліктерін және халықтың рухани мәдениетін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтиже:

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазығұрт өңірінің жер-су атаулары көпқырлы факторлардың әсерімен қалыптасқанын айқын көрсетті. Біріншіден, табиғи-географиялық факторлар топонимдердің негізгі негізін құрады. Аймақтың тау рельефі, жоталар, аңғарлар, сайлар мен төбелердің көптігі атаулардың қалыптасуына тікелей ықпал еткен. З.К. Мырзалиева зерттеуінде 300-ден астам атау рельефтік сипатқа негізделген, ал «төбе» терминімен жасалған атаулардың саны 60-қа жуық екені көрсетілген. Бұл Қазығұрт аймағының табиғи-географиялық әртүрлілігін айқындап, жер-су атауларының физикалық ортамен тығыз байланысын дәлелдейді.

Екіншіден, ежелгі тайпалардың қоныстануы аймақ атауларына айқын із қалдырған. Б.з.б. VI-II ғасырлардағы сақ тайпалары мен қаңлы, үйсін тайпаларының қоныстануы Қазығұрт пен Келес өңірлеріндегі топонимдерде көрініс тапқан. Мысалы, «Келес» атауының ежелгі гидроним ретіндегі мағынасы осы тарихи қабатты көрсетеді. Бұл топонимдердің кейбірі көне түркі және моңғол тілдік қабаттарын сақтап, аймақтың этнографиялық тарихын дәл көрсетеді.

Үшіншіден, мифологиялық түсініктер аймақ топонимиясында ерекше орын алады. Қазығұрт тауындағы Нұх кемесі туралы аңыздар халық санасында терең орнығып, бұл тауды киелі кеңістікке айналдырған. Мұндай мифологиялық түсініктер жер-су атауларына рухани мән қосып, халықтың дүниетанымы мен мәдениетін айқындайды. Қазығұрт атауының «қазық» және «өрт» сөздерінің тіркесуінен немесе «қазылық» терминінен шығуы, сондай-ақ аңыздардағы киелі сипат бұл аймақты ерекше ғылыми қызығушылыққа ие етеді.

Төртіншіден, шаруашылық-экономикалық факторлар да топонимдердің қалыптасуына әсер етті. Қазақтар Қазығұрт аймағында ежелден мал шаруашылығын дамытқан. Сол себепті қыстау, жайлау, көктеу, күзеу атаулары көптеп кездеседі. «Қарабұлақ», «Қосмезгіл», «Ұялы», «Жусандала» сияқты атаулар халықтың маусымдық көш жолдарын көрсетеді. Бұл топонимдер табиғатты терең таныған малшы қауымның тәжірибесін дәл бейнелейді және олардың әлеуметтік-экономикалық өмір салтын көрсетеді.

Бесіншіден, Қаратау жотасының әсері айқын көрінеді. Қаратау қазақ халық эпостарында батырлар мекені ретінде сипатталған. «Қаратаудың басынан көш келеді» деген тіркес екі өңірдің тарихи және рухани байланысын көрсетеді. Қаратау мен Қазығұрт жақындығы екі аймақтың топонимиялық жүйесінде ортақ белгілердің қалыптасуына ықпал еткен. Мысалы, қырат, жота, сай және аңғар атаулары екі өңірде ұқсас сипатта кездеседі.

Алтыншадан, тілдік факторлар маңызды рөл атқарады. Қазығұрт аймағының жер-су атаулары құрамында ежелгі түркі сөздері - «жота», «сай», «құм», «төбе», «бұлақ», «өзек», «арал», «қырқа» - кездеседі. Бұл сөздер ғасырлар бойы сақталып, қазіргі тілде қолданылып келеді. Этимологиялық

талдау көрсеткендей, атаулардың тарихи тамыры бар және олардың мағыналары халықтық дәстүр мен түсінікке сәйкес қалыптасқан.

Жетіншіден, Қазығұрт топонимиясы - табиғи және рухани мәдениеттің біртұтас жүйесі. Әр атау белгілі бір кеңістікке қатысты халықтың қарым-қатынасын, сезімін және тәжірибесін білдіреді. Мысалы, «Аққұм» атауы жер бедерінің ақ құмды ерекшелігін көрсетсе, «Қазығұрт» атауы киелі санаудың нәтижесінде бүкіл Қазақстанға танымал атау ретінде орныққан. Сонымен қатар, көптеген гидронимдер мен оронимдер аймақтың тарихи, мифологиялық және шаруашылық мәдениетін сақтаушы рөл атқарады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында белгілі бір атаулардың көп ғасырлық өзгеріс тарихы анықталды. Кейбір атаулар халық арасында әр дәуірде әртүрлі түрде айтылып, жазылып, соңында қазіргі нұсқасына келіп тұрақтаған. Бұл тарихи үдерістің тілдік факторлармен және халықтық дәстүрлермен байланысын көрсетеді.

Зерттеу көрсеткендей, Қазығұрт аймағының жер-су атаулары тек географиялық орынды белгілеу үшін емес, халықтың тарихи жадын, аңыздар мен мифологиялық түсініктерін сақтау үшін де маңызды.

Аймақ атауларының көпшілігі маусымдық мал шаруашылығына қатысты ақпарат береді. Бұл малшылар мен көшпелілердің жыл мезгілдеріне байланысты қозғалысын, жайлау мен қыстаудың орнын нақты көрсетеді.

Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі табиғи ортамен тығыз байланыста қалыптасқан. Әр атау рельефтік ерекшелікті, өзендердің бағытын немесе таудың пішінін сипаттайды.

Мифологиялық аңыздардың қосқан үлесі аймақ топонимиясын тек географиялық емес, рухани мәдениетке бай жүйеге айналдырған.

Қорыта келгенде, Қазығұрт жер-су атауларының қалыптасуы көп факторлы процесс болып табылады, онда табиғат, тарих, тіл, аңыз және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар біртұтас үйлесім тапқан.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазығұрт өңірінің жер-су атаулары қазақ халқының тарихи өткенін, табиғатпен тығыз байланысын, шаруашылық дәстүрлерін және мифологиялық түсініктерін сақтаған құнды ономастикалық жүйе болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, аймақтың физикалық-географиялық ерекшеліктері - тау рельефі, жоталар, аңғарлар мен төбелердің көптігі - көптеген топонимдердің табиғи сипатта қалыптасуына тікелей әсер еткен. Мысалы, «Беткей», «Төбе», «Сопақша», «Басыттөбе» сияқты атаулар жер бедерінің нақты ерекшелігін бейнелейді және халықтың табиғатты терең түсінгенін көрсетеді.

Ежелгі тайпалардың қоныстануы да топонимдердің тарихи мәнін анықтаған. Сақ, қаңлы, үйсін тайпаларының қоныстанған аймақ ретінде Қазығұрт пен Келес өңірлеріндегі атаулар көне түркі және моңғол тілдік қабаттарын сақтап, аймақтың этнографиялық тарихын дәл көрсетеді. Мысалы, «Келес» атауының гидроним ретіндегі ежелгі мағынасы бұл тарихи қабатты айқын көрсетеді.

Қазығұрт атауының киелі сипат алуы - Нұх пайғамбар туралы аңыздармен байланысты. Бұл аңыздық элемент жер-су атауларына рухани мән қосып, аймақты киелі кеңістік ретінде танымал еткен. Сонымен қатар, Қаратау жотасының рухани және тарихи маңызы эпостық жырлар арқылы айқын көрінеді. Екі тау жүйесінің географиялық жақындығы және тарихи-рухани байланысы өңірдің топонимиялық жүйесінде ортақ белгілердің қалыптасуына ықпал етті.

Шаруашылық-экономикалық факторлар да топонимдердің қалыптасуына елеулі әсер етті. Көшпелі мал шаруашылығына бейім аймақта жайлау, қыстау, көктеу, күзеу атаулары кең таралған. Мұндай атаулар малшы қауымның жыл мезгілдеріне байланысты көш жолдарын нақты бейнелейді және халықтың табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді. Сонымен қатар, «Қарабұлақ», «Қосмезгіл», «Ұялы», «Жусандала» сияқты атаулар малшы қауымның өмір салтын дәл сипаттайды. Тілдік факторлардың рөлі де маңызды. Қазығұрт аймағының жер-су атауларында ежелгі түркі сөздері - «жота», «сай», «құм», «төбе», «бұлақ», «өзек», «арал», «қырқа» - кеңінен кездеседі. Бұл сөздер ғасырлар бойы сақталып, қазіргі тілде қолданылып келеді. Этимологиялық талдау атаулардың тарихи тамыры бар екенін, олардың халық дәстүрімен және дүниетанымымен тығыз байланыста қалыптасқанын дәлелдейді. Осы зерттеу көрсеткендей, Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі тек географиялық нысандарды белгілеу құралынан гөрі, халықтың тарихи жадысын, мәдениетін, рухани дүниетанымын және шаруашылық тәжірибесін бейнелейтін күрделі жүйе болып табылады. Әр атау белгілі бір кеңістікке қатысты халықтың қарым-қатынасын, сезімін, тәжірибесін және дүниетанымын көрсетеді. Мысалы, «Аққұм» атауы жер бедерінің ақ құмды ерекшелігін сипаттаса, «Қазығұрт» атауы киелі санау нәтижесінде бүкіл Қазақстанда танымал атау ретінде орныққан.

Қорытындылай келе, Қазығұрт өңірінің жер-су атауларын зерттеу аймақтың табиғатын, тарихи-этнографиялық жағдайын және халықтың рухани мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, табиғи, тарихи, мифологиялық, шаруашылық және тілдік факторлар топонимдердің қалыптасуында біртұтас жүйе құрайды. Бұл аймақтың топонимиялық картасын жасау, жер-су атауларын ғылыми сипаттау және олардың тарихи, мәдени мәнін сақтау болашақ зерттеулер үшін маңызды негіз бола алады.

Осылайша, Қазығұрт өңірінің топонимиялық жүйесі - табиғат, тарих, мифология, тіл және әлеуметтік-экономикалық өмір салтының үйлесімі, халықтың рухани және материалдық мәдениетінің көрінісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазығұрт. Энциклопедия. - Алматы: Тоғанай Т, 2002. - 22 б.
- 2.Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы, 1985. - 256 б.
- 3.Конкашпаев Г. К. Казахские народные географические термины. - Алма-Ата, 1949. - 19 с.
- 4.Географический энциклопедический словарь. - М.: Советская энциклопедия, 1988. - 329 с.
- 5.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. IX. - Алматы: Ғылым, 1974-1986.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ФЕНОМЕНІ: ЖЕТІ АТА МЕН ЖЕТІ ҒАСЫР ТАРИХЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Ролланқызы Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электрондық адресі: rollankyzynursaya@gmail.com

Алматы қ.

Қазақ халқының рухани әлеміндегі ең маңызды мәдени тіректердің бірі - тектілік, шежіре және ата-тегін білу дәстүрі. Бұл ұғымдар қоғамның тұтастығын, тарихи сабақтастығын және ұлттық бірегейлігін сақтайтын әлеуметтік-рухани формула ретінде қалыптасқан. Қазақ даналығы бұл құндылықтарды «Жеті атасын білмеген - ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген - ел жетесіз» деген хәкімдік тұжырымға сыйғызған. Бұл мақал жеке тұлғаның өз тамырын тануы (ұл жетесіз) мен тұтас халықтың тарихи жадын сақтауын (ел жетесіз) біріктіре отырып, ұлттың мәдени иммунитетін қалыптастырған.

Мақаланың негізгі идеясын тереңдету үшін, қазақ мәдениетін зерттеген ірі ғалымдардың пікіріне жүгіну маңызды. Мысалы, академик В.В. Радлов түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін, сондай-ақ тілдік мұрасын зерттеуде айрықша еңбек сіңіріп, қазақ халқының мәдени мұрасына ерекше мән берген. Ол қазақ халқының ғасырлар бойы түркі әлемінің мәдениетін, салт-дәстүрлерін және тіл тазалығын сақтап келе жатқан бірегей халық екенін атап өткен. Радлов көшпенділердің өмір салтымен тығыз байланысты қазақ тілінің мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерін, жыр-дастандарын ғылыми тұрғыда зерттеп, терең талдау жүргізген [1, 220 б]. Бұл пікір қазақ халқының рухани кодының сақталуындағы шежіре мен мақал-мәтелдердің тарихи маңызын дәлелдейді. Оның қызметі ру аттарын жаттаудан әлдеқайда ауқымды: ол ата қоныс, рулардың таралуы, батырлар мен билердің еңбегі, ел қорғау тарихы сияқты ақпараттарды сақтап, ұрпаққа жеткізген. Осылайша, шежіре қазақтың ауызша және жазба тарихының арасын жалғаған көпір қызметін атқарды.

Шежіренің тарихи маңыздылығын ғылыми деректер айқындайды. Зерттеушілердің айтуынша, жалпы алғанда қазақ шежірелері VII ғасырдан бастап, XX ғасырға дейінгі мезгілді қамтиды. Бұл шежірелерде белгілі жүз, тайпа, бұдан тараған аталар таратылып айтумен қатар, осы аталардың заманындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, ірі тарихи оқиғалар, сол замандағы тарихи адамдар есімдері сақталды. VII ғасырдан деп басталуына келтіретін бір мысал осы кезеңде өмір сүрген түрік қағанаттарынан белгілі қағандары Тоныкөк пен Білге қағандардың құрметіне қойылған «Күлтегін» ескерткішінің «Үлкен жазуында» мынадай үзінділер бар: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде Қаражер жаралғанда, екі арасында кісі оғлы жаралған екен. О кісі оғлының үстінен билік жүргізуге менің арқы бабаларым Бұмын қаған, Естеме қаған таққа отырған екен» делінген [2]. Бұл мәтінде Түрік қағанатының негізін қалаушылар өздерінің шығу тегін әлемнің жаралуынан бастайды, бұл тарихты тереңнен тану дәстүрінің ежелгі бастауын көрсетеді. Шетел зерттеушісі Б. Юзефович: «Қазақтар өзінен жоғары он төрт атасын біледі... тектілігін мақтан тұтады» деп жазады [3, 802 б]. Қытай ғалымы Су